

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

Спорт және өнер факультеті

«БЕКІТЕМІН»



Қабылдау комиссиясының
төрайымы, университет ректоры
Ж.Темірбекова

05 2025 ж.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындау бағыты: 6B021 – Өнер

Білім беру бағдарлама тобы: B031 – Сән, дизайн

Түркістан – 2025

Құрастырған:
Магистр оқытушы



М.Сейсембекова

Шығармашылық емтихан бағдарламасы «Бейнелеу өнері» кафедрасының
мәжілісінде талқыланды. Хаттама №7 «06» 03 2025 ж.

Кафедра менгерушісі  Е.Б.Мамбетаев

Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінде мақұлданды,
Хаттама №8 «10» 04 2025 ж.

Оқу-әдістемелік комитет төрағасы  Ұ.Кулетова

Факультет деканы  А.О.Рахымжанов

Келісілді:

Академиялық мәселелер вице-ректоры  Э.Идрисова

Университет Академиялық комитетінде бекітілді,
Хаттама №10 «22» 05 2025 ж.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Емтиханның мақсаты мен міндеттері	4
3	Емтиханды ұйымдастыру тәртібі	4
4	Апелляция	5
5	Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері	5
4	Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері	7
5	Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	8

1. Жалпы ережелер

В031-Сән, дизайн білім беру бағдарламасы тобы бойынша шығармашылық емтихан өткізудің осы бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 600 бұйрығы негізінде жасалған.

Шығармашылық емтихандарды өткізу шығармашылық емтиханды талап ететін білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқуға түсуші құжат тапсырған жоғары оқу орнында жүргізіледі.

В031-Сән, дизайн білім беру бағдарламалары тобы бойынша талапкерлерді қабылдауға арналған шығармашылық емтиханның жеке алғы шарттарының мүмкіндіктерін анықтау. Өтініш берушінің біліктілігіне сәйкес келетін кәсіби тапсырмаларды орындатып шығармашылық дайындығын анықтау.

Шығармашылық емтихан 50-балдық жүйемен бағаланады.

2. Емтиханның мақсаты мен міндеттері

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалары тобына құжат тапсырған талапкерлер арасынан шығармашылық және өнер саласына бейімі бар, дарынды жастарды іріктеп алу және келешекте олардың осы сала бойынша жоғары білім алуына жол ашып, бағыт-бағдар беру.

3. Емтиханды ұйымдастыру тәртібі

Шығармашылық емтиханның кестесін (өткізу күні, уақыты мен орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталмай тұрып, алдын ала кешіктірмей талапкерлерге хабарлайды.

Талапкерлер шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп кіреді.

Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерге шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі түсіндіріледі, шығармашылық емтихан басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны, апелляцияға өтініш беру процедуралары айтылады.

Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Шығармашылық емтиханды қорытындылары – бағалау ведомостарымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

Шығармашылық емтихандар саны екі: I - Шығармашылық емтихан - Сурет, кескіндеме 2 (натюрморт); II - Шығармашылық емтихан: - Композиция 2 немесе сызу.

4. Апелляция

Қабылдау емтихандарын өткізу кезеңінде шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында Ректор бұйрығымен, төрағасын қоса алғанда, құрамы тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған тұлға апелляциялық комиссия төрағасының атына өтінішті өз атынан береді және шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия өтінішті бір жұмыс күні ішінде қарайды.

Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция жөніндегі шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

5. Бірінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері

I - Шығармашылық емтихан - Сурет, кескіндеме 2 (натюрморт) салу кезінде талапкерлер алдына А3 форматтыға қағаз, қарындаш өшіргі т.б. заттарды алдын - ала дайындап қою қажет. Шығармашылық емтихан кезінде талапкер себепсізден себепсіз орынан тұрып және басқа іс қимылдарды жасауға болмайды.

В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалар тобы бойынша Суреттің ең жоғарғы ұпай саны 50.

В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалар тобы бойынша бірінші шығармашылық емтихан сурет пәнінен нұсқаға қарап практикалық сурет салу түрінде жүргізіледі. Суреттен емтихан тапсыратын талапкерлер тұрмыс заттарынан құрылған, көлемі, түсі әр түрлі, фонында екі мата ілінген, жанынан жарық түсірілген натюрморт суретін салады. Суреттен емтиханды талапкерлер А3 форматқа (290x420) қарапайым қарындашпен композициялық заңдылықтарды сақтай отырып, көлемді заттар құрылымын талдау жасау негізінде натюрморт суретін салады, заттардың пропорциясын, кеңістікте бір-бірінен алыс-жақын орналасуын, жеке заттардың пішінін талдай отырып, сызықтық және ауа перспективаларының заңдылықтарын сақтауы тиіс.

Суреттен орындалған жұмыстарды бағалау кезінде мынадай шығармашылық қабілеттер пен көркемдік білім деңгейлері ескеріледі:

1. Суретті қағаз бетіне орналастыра білу, композиция заңдылықтарын білу (формат пен натюрморт суретінің салыстырмалық қатынасын сақтау);
2. Зат көлемін, құрылымын түсіну деңгейі;
3. Сызықтық және ауа перспективасы заңдылықтарын қолдана отырып бейнелеу міндеттерін шешу деңгейі;
4. Сурет салу кезінде көлемді заттардың көлемін бере білу қабілеті;
5. Сурет салу, штрихтау техникасын меңгеруі.

№1 шығармашылық емтихан – Сурет (тұрмыс заттарынан құрылған, көлемі, түсі әр түрлі, фонында екі мата ілінген) пәнінен шығармашылық емтиханды тапсыруға талапкерлерге 3 (үш) сағат уақыт беріледі.

№1 шығармашылық емтихан – Сурет (тұрмыс заттарынан құрылған, көлемі, түсі әр түрлі, фонында екі мата ілінген) пәнінен емтихан нәтижелерін бағалау критерийлері:

«50-43» балл. Жұмыс өте жоғары деңгейде, барлық композиция заңдылықтарына сай орындалған. Заттарды қағаз бетіне орналастыруы және конструктивтік құрылымын бейнелеуі, көлеңке-жарықты беруі өте жоғары деңгейде. Заттардың материалын беруде тамаша шеберлік көрсеткен. Сурет салу техникасын өте жоғары меңгерген.

«42-35» балл. Жұмыс жоғары деңгейде сауатты орындалған. Конструктивтік құрылымын, көлеңке-жарықты дұрыс бере білген. Сурет техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен заттардың материалдығын өте жақсы бере білген.

«34-27» балл. Жұмысты талапқа сай орындаған. Композиция заңдылықтары орындалған. Суреттің орындалу техникасын жақсы меңгерген. Кеңістік пен материалдықты жақсы берген.

«26-19» балл. Жұмыс талапқа сай орындалған. Композиция заңдылықтары орындалған. Суреттің орындалу техникасын біршама меңгерген. Кеңістік пен материалдықты беруде аз кемшіліктер бар.

«18-11» балл. Жұмыс сурет заңдылықтарына сай орындалған. Орналастыруы және заттардың құрылысын бейнелей білуі орташа деңгейде. Кеңістік пен материалдығын беруде бояу әдісінде кемшіліктер бар.

«10-5» балл. Жұмыс сурет заңдылықтарына сай көрсетілмеген. Заттарды қағаз бетіне орналастыруы, құрылысын бейнелей білуі төмен деңгейде. Кеңістік пен материалдығын беруде бояу әдісінде кемшіліктер бар.

«4-0» балл. Қағаз бетіне бейнелейтін нұсқаның конструкциялық құрылысы мүлдем орындалмаған, бояу тәсілі өте төмен деңгейде берілген. Заттардың материалдылығы көрсетілмеген.

6. Екінші шығармашылық емтиханды өткізу талаптары мен бағалау көрсеткіштері

В031 - Сэн, дизайн білім беру бағдарламалар тобы бойынша екінші шығармашылық емтиханда талапкерлерге жеке тапсырмалар ұсынылады. Талапкер осы тапсырмалар бойынша композиция жұмысын орындайды.

Екінші шығармашылық емтиханы композиция пәнінен берілген үш нұсқа бойынша тапсырмаларының тізімдерінен таңдап алынған тақырыпқа нобай жасап орындау керек.

Емтихан жұмысы аралас техникада (акварель, тушь, гуашь, түрлі-түсті қалам, фломастер т.б.) орындалады. Жұмыс А3 форматқа (290x420) 3 (үш) сағат ішінде орындалуы тиіс.

Композициядағы орындалған жұмыстарды бағалау кезінде мынадай қабілеттер мен білім деңгейлері ескеріледі:

1. Композицияны формат бетіне дұрыс орналастыра білу;
2. Стилизацияның пішінін, түрін түсіну деңгейі;
3. Композицияның сызықтық және ауа перспективасы заңдылықтарын қолдана отырып бейнелеу міндеттерін шешу деңгейі;
4. Композицияны салу кезінде көлемді заттардың көлемін бере білу қабілеті;
5. Композицияны салу, бояу техникасын меңгеруі.

№2 шығармашылық емтихан –Композицияның бағалау критерийлері:

«50-43» балл. Жұмыс өте жоғары деңгейде, барлық композиция заңдылықтарына сай орындалғаны. Формасын талдай білуі өте жоғары деңгейде. Стилизацияның түстік шешімін өте жоғары деңгейде анықтай біледі. Композицияны салу, бояу техникасын өте жақсы деңгейде меңгерген.

«42-35» балл. Жұмыс жоғары деңгейде сауатты орындалған. Композициясын талдай білуі жақсы деңгейде. Композицияның түстік шешімін жақсы деңгейде анықтай біледі. Стилизация техникасын меңгерген. Кеңістік пен стилизациясын жақсы бере білген.

«34-27» балл. Жұмыс тұстану заңдылықтарына сай орындалған. Үлгіні тани білуі жақсы деңгейде. Формасын түстік шешімін салыстырмалы орташа деңгейде анықтай біледі. Композицияның сызықтық және ауа перспективасы заңдылықтарын қолдануы жақсы деңгейде аша білді;

«26-19» балл. Жұмыс талапқа сай орындалған. Композиция заңдылықтары орындалған. Стилизация техникасын біршама меңгерген. Кеңістік пен материалдықты көрсете білген.

«18-11» балл. Жұмыс кескіндеме заңдылықтарына сай орындалған. Бояу техникасын бейнелей білуі орташа деңгейде. Композицияда түстерді бояу әдісінде аздаған кемшіліктер бар.

«10-5» балл. Жұмыс композиция заңдылықтарына сай көрсетілмеген. Композицияны қағаз бетіне орналастыруы, құрылысын бейнелей білуі төмен деңгейде. Форманың материалдығын беруде бояу әдісінде кемшіліктер бар.

«4-0» балл. Қағаз бетіне бейнелейтін нұсқаның конструкциялық құрылысы мүлдем орындалмаған, бояу тәсілі өте төмен деңгейде берілген. Композицияны салу, бояуы көрсетілмеген.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Ералин Қ, Нұрланова Ұ: Композиция негіздері: 2018
2. Ильина О.В., Бондарева К.Ю. Цветоведение и колористика: учебное пособие / ГОУ ВПО СПбГТУРП. - СПб., 2008. - 120 с.
3. Основы живописи. Могилевцев В. А. 2018
4. Основы композиции. Н. М. Сокольникова. 2010
5. Сәулетшілер мен дизайнерлерге арналған жоғарғы оқу орнына дейінгі даярлық курсы, 2006 ж., М.: МАРХИ Домингез Я. Сәулетшілерге арналған сурет. М.: Арт-родник, 2007 ж,-192
6. Сурет, Архитектурный весник, 2006.-Формат: ISO, Размер:1036 Гб.
7. Овчинникова М.Л. 1 курс дизайншыларына арналған сурет, 1 бөлім. Оқу-әдістемелік құрал.-Владивосток: Владивосток мемлекеттік экономика және сервис университеті , 1999-2012www.vvsu.ru
8. Нис Д. Дизайнерлерге арналған ландшафтылық сурет негіздері/ Пер.: М. Дедов,-М.: Белый город, 2008.-320с.
9. Осмоловская О.В., Мусатов А.А. Қиялдағы сурет.-М. Архитектура-С, 2012.-412с.
10. Максимов О.Г. Сәулетші мамандығындағы сурет. –М.: Либроком,2011.- 416с

В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалар тобы бойынша талапкерлерге арналған №2 шығармашылық емтихан – Композиция 2 пәнінен өткізілетін емтихан тапсырмаларының тізімі

№2 шығармашылық емтихан – Композиция пәнінен емтихан тапсыруға қойылатын талаптар өнер саласында жалпы орта мектеп бітірушілерінің көркемдік білімі мен шығармашылық бейнелеу дағдыларына негізделеді.

I-нұсқа

1. Жыл мезгілін бейнелейтін образды стилизациялап нобайын жасау.
2. Спорттық стильде стилизациялап салу.
3. «Көктем» тақырыбына қыздың образын стилизациялау
4. Музыкалық аспаптардан стилизацияланған образда нобай салу.
5. Ұлттық нақышта қыз бейнесін образда нобайын жасау.

Мақсаты: Берілген тақырыпқа нобай жасау.

Шарттары: Емтихан жұмысы аралас техникада (акварель, тушь, гуашь, түрлі-түсті қалам, фломастер) орындалады. Жұмыс А3 форматқа (290x420) 3 (үш) сағат ішінде орындалуы тиіс.

В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалар тобы бойынша талапкерлерге арналған №2 шығармашылық емтихан – Композиция 2 пәнінен өткізілетін емтихан тапсырмаларының тізімі

№2 шығармашылық емтихан – Композиция пәнінен емтихан тапсыруға қойылатын талаптар өнер саласында жалпы орта мектеп бітірушілерінің көркемдік білімі мен шығармашылық бейнелеу дағдыларына негізделеді.

II-нұсқа

1. Зооморфтық өрнектерден қыздың бейнесіндегі композиция құрастыру.
2. Қазіргі замандық стилдік нобайын жасау.
3. Өсімдік тектес өрнектерге бағындыру арқылы стильдеп салу.
4. Құмырадағы гүлдің бейнесін стилизациялап қыздың тұлғасын салу.
5. Классикалық бейнедегі қыздың нобайын салу.

Мақсаты: Берілген тақырыпқа нобай салу.

Шарттары: Емтихан жұмысы аралас техникада (акварель, тушь, гуашь, түрлі-түсті қалам, фломастер) орындалады. Жұмыс А3 форматқа (290x420) 3 (үш) сағат ішінде орындалуы тиіс.

В031 - Сән, дизайн білім беру бағдарламалар тобы бойынша талапкерлерге арналған №2 шығармашылық емтихан – Композиция 2 пәнінен өткізілетін емтихан тапсырмаларының тізімі

№2 шығармашылық емтихан – Композиция пәнінен емтихан тапсыруға қойылатын талаптар өнер саласында жалпы орта мектеп бітірушілерінің көркемдік білімі мен шығармашылық бейнелеу дағдыларына негізделеді.

III-нұсқа

1. Аспан әлеміне композиция қыздың нобайын құрастыру.
2. Ою-өрнектерден құралған қыздың образын стилизациялау
3. Романтикалық стильде стилизациялап салу.
4. Ұлттық стильде стилизациялау.
5. Торсықты қыздың образына стилизациялау

Мақсаты: Берілген тақырыпқа эскиз жасау.

Шарттары: Емтихан жұмысы аралас техникада (акварель, тушь, гуашь, түрлі-түсті қалам, фломастер) орындалады. Жұмыс А3 форматқа (290x420) 3 (үш) сағат ішінде орындалуы тиіс.